



БҰЙРЫҚ

С.Б. Манзоров

Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ *108*

город Актау

Банкроттықты басқарушыны шеттету туралы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 20.03.2020 ж. №123 бұйрығымен банкроттықты басқарушы болып тағайындалған Володина Ирина Сергеевна оған жүктелген «ConstructionEmpire» ЖШС-нің банкроттықты басқарушы қызметінен шеттетілсін.

2. Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 71 бабы 2 тармағының 14 тармақшасына сәйкес жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушысына шеттету (босату) туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде «ConstructionEmpire» ЖШС-нің құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, борышкердің мүлкіне құқық белгіленетін құжаттарды, борышкерге тиесілі мөрлерді, мөртаңбаларды, материалдық және өзге де құндылықтырды беру И.С. Володинаға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасының Оңалту және банкроттық бөлімінің басшысы Б.С. Баймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың бір данасы И.С. Володинаға жолдансын.

Негіздеме: 2023 жылғы 2 ақпандағы «ConstructionEmpire» ЖШС-нің кредиторлар жиналысы шешімі.

Басшы



С.Б. Манзоров